

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL

ISSN 2224-5308

Volume 3, Number 309 (2015), 77 – 81

**IDENTIFYING TYPICAL “ERRORS” APPRAISAL
WHEN DETERMINING THE COLOR KARAKUL LAMBS
ON THE BASIS OF PHENETIC CLASSIFICATION**

K. M. Lakhanova¹, N. Zh. Eleugalieva²,
A. K. Ubaidullayeva¹, A. M. Duisebekova¹, D. I. Ibragimova¹

¹Akhmet Yassawi University, Republic of Kazakhstan, Turkestan,

²Zhangir khan Western Kazakhstan Agrarian-Technical University, Uralsk, Kazakhstan.

E-mail: kulzada.lakhanova@iktu.kz

Key words: Karakul lambs, colour, melanin, hair follicle, phenetic classification, appraisal.

Abstract. The aim of this work is to identify typical errors of traditional appraisal, complementing the organoleptic method by objective method-biological classification used in certain circumstances in assessing the quality of the goods, suit Karakul lambs. Work technique: the distribution of melanin wool fibers 2-3 day Karakul lambs was investigated by light microscopy, and the composition of the melanin - EPR spectrometry. The difference between the data samples obtained by objective methods indicates a lack of complete similarities in them. Objective methods make it possible to detect small differences, and to introduce a system of classifications. Application of research results in breeding for improvement of definitions suit wool fibers Karakul lambs are of great practical significance.

ӘОЖ 591:8.636.38

**ФЕНЕТИКАЛЫҚ ЖІКТЕУ НЕГІЗІНДЕ
ҚАРАҚӨЛ ҚОЗЫЛАРЫ ТҮР-ТҮСТЕРІНІҢ ДӘСТУРЛІ
БОНИТИРОВКА «КЕМШІЛІКТЕРІН» АЙҚЫНДАУ**

К. М. Лаханова¹, Н. Ж. Елеугалиева²,
А. К. Убайдуллаева¹, А. М. Дүйсебекова¹, Д. И. Ибрагимова¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазак-Түрік университеті, Түркістан, Қазақстан,

²Жәнгір хан атындағы Батыс- Қазақстан аграрлы-техникалық университеті, Орал, Қазақстан.

Тірек сөздер: қаракөл қозысы, түр-түсі, меланин, жұн талшығы, фенетикалыш жіктеу, бонитировка кемшіліктепі.

Аннотация. Жұмыстың мәсасы – қаракөл қозыларының түр-түсін жіктеудің белгілі бір жағдайда тауар сапасын анықтауда қолданылатын органолептикалық әдісін, объективті тәсіл – биологиялық жіктеумен то-лықтырып, дәстүрлі бонитировканың кемшіліктерін айқындау. Жұмыстың әдістемесі: 2-3 құндік қозылардың жұн талшықтарында меланиндердің таралуы жарық микроскопиялық, ал меланин құрамы ЭПР-спектрометриялық әдіспен зерттелді. Объективті әдістермен алынған үлгілердің мәліметтері арасында алшақтықтың кездесуі, оларда ұқсастық тольктай түбірімен болмайтынын көрсетті. Объективті әдістер елеусіз айырмашылықтарды айқындаш, жіктеу жүйесін бірқалыпты жүргізуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін селекция жұмыстарында қаракөл қозылары жұн талшықтары түр-түсін анықтау жолдарын жетілдіруде қосымша қолданудың практикалық маңызы зор.

Қаракөл қойлары алуан түрлі түстерімен, реңімен ерекшеленеді және түсінің биологиялық, селекциялық және тауарлық мәні бар, оның басқа тұқымдардан өзгешілігі де осында [1].

Сұткоректілердің жұн қабатының пигментациясы көптеген зерттеушілердің назарын аударуда. Олар қоянның [2], тұлкі мен су тышқанының [3], қойдың [4-6] меланиннің сапалық және сандық құрамында тұқым қуалаушылық белгілерінің әртүрлі болатынын айтқан.

Қаракөл қозылары түстерінің жіктеуі, ең алдымен, тауартануға бағытталған, бірақ та, бұның дәрежесінде фенетикалық база бар, қаракөл қойларының түстерінің өзгергіштігі осы фенетикалық түсінің жұмыстарында толық берілмеген. Тауартану терминологиясы бұл курделі мәселені шеше алмайды. Фенетикалық жағынан қаракөл қозыларының түстер ерекшеліктерін (яғни әр түске ерекше қарау керек, өйткені ол дискерптік тұқым қуалаушылықтың комбинациясы) анықтай отыра, түстер жөнінде генетикалық-селекциялық жұмыстар, ғылыми база болып табылады, қаракөл қойларының бай түстерін пайдалана отырып, біз түстер генетикасының маңызыдылығын шеше аламыз. Егер де, қаракөл шаруашылығын экономика жағынан қарайтын болсақ, онда тауарлық жіктеудің болғаны жөн, ал егер де генетикалық-селекциялық жұмыстарды жетілдіретін болсақ, ол кезде оны фенетикалық жіктеумен толықтырғанымыз жөн [7, 8].

Жануарлардың түсі меланиндердің сапалық құрамына қарай да, оның санына қарай да анықталатыны белгілі. Түс сапасын анықтайдын белгі, тіпті селекционерлерге арналған нұськаулардың өзінде түс қаншалықты тез жайылатынына, яғни оның сандық көлеміне назар аудару керектігі айтылады. Селекциялық жұмыстың дәрежесін көтеру үшін пигменттенудің жеделдігін бағалаудың объективті сандық әдістерін қолдану дұрыс көрінеді [8].

Мақаланың міндеті зерттеуге алынған үлгілердің белгілі бір түске қатысты екенін сипаттау үшін микроскопиялық және ЭПР-спектрометриялық әдістерді қолдана отырып, өзгергіштіктердің сандық сипатына, сондай-ақ, әртүрлі түске жатқызылған үлгілердің параметрлерінің қаншалықты үйлесімді екенін талдауға назар аудардық.

Зерзаттары және әдістері

Оңтүстік Қазақстан облысының қаракөл қой шаруашылықтарында, түрлі-түсті 2-3 құндік қозыларының жұн талшықтарында меланин пигменттінің таралуын микроскопиялық және жұндегі меланин құрамы ЭПР-спектрометриялық әдіспен зерттелді [8, 9].

ЭПР-спектрометриялық әдіс жоғары өнімді, яғни жалпы көп мөлшерлі зерттеулерді жүйелі түрде өткізуге мүмкіндік беріп, радиотехникалық сипатқа ие. Сондыктан, жұннің нұскалары бұзылмай, келесі микроскопиялық және т.б. қосымша зерттеулерде қолданыла береді. Зерттеуге қолданған әдістер алдынғы мақалада қарастырылған («Объективті мәліметтерге негізділген қаракөл қой түр-түсінің фенетикалық жіктелуі») [9], бұл мақалада сол зерттеу барысында алынған түстер арасындағы алшақтық үлгілердің мәліметтері қарастырылады.

Нәтижелері және оларды талдау

Біртүсті, бірақ әртүрлі жолмен іріктелген жұптардан туған қозыларды бонитировкалауда жіберілген фенетиптік қателердің бетін ашу үшін түстерді жіктеудің сандық жүйесі, сондай-ақ, бояу түсі әртүрлі қозыларға тән тиісті топтардың параметрлерінің өзгергіштігінің орташа маңызы мен диапазоны қаншалықты үйлесімді екенін талдауда фенетикалық жіктеу мәліметтеріне негізделдік [9]. Алынған мәліметтер кестеде берілген.

Бонитировкада кездесетін алшақтық және елтірінің түр-түсі жөніндегі объективті мәліметтер

Конв./ұлгіл. №	Сараптау (бонитировка)	Объективті мәліметтер формуламен	Сараптаудағы алшақтық жөніндегі мәліметтер	Сараптауда жіберілген қателіктің себептері және түр-түске біз берген анықтама
1	2	3	4	5
150/9150	Қола реңді (сұрх. х бұх.)	LG	C-2-1	«Будан сұр» қолданылып жүрген жіктеуде жоқ
170/9458	Сарғылтый (сұрх. х бұх.)	LGP	P-4; I ₀ -2	«Будан сұр» қолданылып жүрген жіктеуде жоқ
161/9699	Алтын реңді (сұрх. х бұх.)	(L) P	P-13; I ₀ -12; C-0	Ұшы қысқа, қысқа өтпелі аймақ алтын түсті сұрға ұқсайды. «Қамбар сұр».
121/9808	Алмас реңді (сұрх. х бұх.)	RL	R-2; G-0	Жұн талшығының ұшы ақ болғандықтан алақуалық нашар көрінеді. Бұл «Алақуалы сұрхандария сұры».
162/9239	Тұтін түстес (сұрх. х бұх.)	GP	I ₀ -19	Жалпы қолданылып жүрген жіктеуде жоқ. «Тұтін түстес қамбар».
9/9824	Қола реңді (сұрх. х бұх.)	LP	P-13; I ₀ -16	Жұн талшығының негізінде пигмент жогары мөлшерде, ақ ұш анық көрінеді. «Сұр-қамбар».
109/9930	Өрікгүл (ққс x ққс)	L (P)	I ₀ -18; P-7	Пигмент жұн талшығының негізінде ете жогары, ақ ұш айқын көрінеді. «Сұр-қамбар».
99/6956	Болат (ққс x ққс)	RL	R-2	Болат түсті жұн талшығында ала-құлалық нашар байқалады. «Ала-құлалы қарақалпақ сұры».
202/4332	Қызылт (кор. х бұх.)	RLGP	G-2; L-2	Белгілі атауы жоқ. «Сарғылтый гүлі сұр».

1-кестенің 3-бөлігінде: R – алақуалық, L – жұннің ақ ұшы, G-меланоциттер тармақтары түзелуінің тежелуі себебінен жұн талшығында ірі-ірі «үйінді» түрінде кездеседі, P – меланин синтезінде феомеланин компонентінің қебейгендін көрсетеді.

4-бөлігіндегі сандық көрсеткіштер белгілі болайша келтірілген: I₀ – ЭПР сигналдың қарқындылығы қара түске I₀ оргаша пайызын шаққандағы есебімен, P – a/b пайыз ЭПР-сигнал шындарындағы қосымша «a» мен негізгі «b»-ның биектерінің қатынасы, R – ала-құла, яғни бүтіндей ақ жұн талшықтарының қосындысы, G – жұн талшығының бойындағы меланин дисперсиясының дәрежесі, L – қылышқа жұннің ақшыл ұшының ұзындығы, Z – жұн талшығының өтпелі аймагының ұзындығы.

Кестеде көрсетілгендей сұр түстерді (сұрхандариялық х бұхарлық) будандастырылғаннан алған қозылардың ішінде, бонитировка кезінде № 150, № 149 және № 144 ұлгілер, қола түстес сұрхандариялық сұрға жатқызылған қозылар үлгілерінде объективті әдіспен зерттегендеге шықкан тегінің екі жағынан да берілген жеке бір белгілердің бар екені анықталды. Бір жағынан, феомеланин сұрхандария сұрына тән болса, екінші жағынан меланин дисперсиясының төмендігі бұхар сұрына тән. Бұл әрекет біртекtes сұрлардан алғынған көп үлгілердің фенотипінің ешқайсысына сай келмейтінін көрсетеді. Осыған байланысты осындағы әрекеттен пайда болған сұрлардың белгілерінің фенотипін көрсету үшін бұларға арнаулы ат қою керек сияқты. Біз оны «будан сұр» деп атауды ұсынамыз. Фендердің бірлесуін мынандай формуламен жазуға болады: LG.

Сарғылтый түсті № 170 ұлті қозылардың, меланин типі (P-феомеланин) сұрхандария сұрына, ал дисперсия сипаты (тармақталмаған меланоциті G фені көрінеді) бұхар сұрына сай келеді. Қарқындылығы (I₀) сарғылтый түске сай келмейді, бірақ күлгін реңді бұхар немесе сұрхандария сұрына ұқсас.

Шын мәнінде бұл түстің жана түрі, мүмкін өзгеше сұрхандария және бұхар сұрларының арасынан тұған араласпа.

Басқаша айтқанда, бұл сұрхандария сұры. Оның жағдайында тармақталмаған меланоциті G фені көрінеді немесе бұл күлгін реңді сұр (бұхар), ондағы меланин типі сұрхандария сұр меланинің типіне өзгерген, яғни бұл сұрхандария және бұхар сұрлары арасындағы ауыспалы «будан сұр». Формуласы LGP.

Ашық қамбардың бір түріне жатқызылған сарғылтым түсті елтірінің ұлгіге алған жүн талшықтары меланин дисперсиясы жағынан нағыз қамбардан айқын өзгеше болып шықты. Олардағы дисперсия бұхар сұрындағыдай, яғни меланосомы сирек ұсақтардан және үлкен үйінділер кездесті. Рас, бұхар сұры мен сарғылтым түстілердің төмен дисперсиясын нақтыладап қарағанда бір-біріне ұқсамайтын болып шықты. Бұхар сұрында пигмент үйінділері қыртыс қабатқа жайылып түседі де, сарғылтым түсті үйінділер өзегінің ортасында және қыртыс қабатында да кездеседі. Бұл сарғылтым түсті елтіріде бұхар сұрына қарағанда жалпы меланинің аздығынан болуы ықтимал. Бұхар сұрындағы орта және жінішке жүн талшықтарының өзегі жетілмеген болуы мүмкін, ал кейбір сарғылтым елтірілерде қыртыс қабаты жетілмеген болуы мүмкін. Соңдықтан, қыртыс қабатында ірі меланоциті көп болмайды. Кейде олар жақсы жетілген өзекте де аз болады.

Бонитировка кезінде әртекtes бұхар сұрының жұбынан алынған № 121-9808 ұлгі бұхар сұрына жататын, «алмас» ренге жатқызылған. Оның белгілері: қарқындылығының төмендігі ($I_0 = 29\%$), феомеланин жоқтығы және ала-құлалағын білдірмейтін қысқа ақ ұштары. Тұтін түстелігі бұхар сұрындағы сияқты ақ ұштары мүмкін жасайды. Меланин дисперсиясы жоғары, яғни ($G = 0$). Сонымен, феокомпоненттің жоқтығынан басқа бұл ұлгі бұхар сұрына ұқсамайды. Атауы RL «Ала-құлалы сұрхандариялық сұр».

Қоңыр түсті және бұхар сұрын жұптастырганда да белгілердің өздігінше араласуы байкалады. № 202 және № 203 бонитировкалардағы елтірі гулигазға жатқызылады, жеделдігі және феомеланині жөнінен және ақ қылдарына қарай бұл ұлгі гулигазға ұқсайды, яғни жеделдігі $I_0 - 6\%$ төмен болған жағдайда феомеланин мол болады – 16,2-16,7 %. Соның өзінде ақшыл елтірідегілей дисперсия ($G-2-1$) төмен болады. Ұзын ақ ұшы гулигазға тән емес ($L-2$), ($Z-2-1$). Формуласы RLGP-сарғылтым гулисур.

Алынған мәліметтер фендердің үйлесуі (комбинациясы) тәуелді болмайтынын көрсетеді, ол будан ұрпағынан шыққан сұрдың түрлі топтарына тән.

Қаракөл қой мал шаруашылығында генетика-селекциялық жұмыста қозылардың түсін тек қолданып жүрген «товарлық» органолептикалық-бонитировкалық жіктелуге қосымша фенетикалық құрал-саймандар арқылы жіктелуде ескеру керек екені келтіріледі.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Омбаев Ә.М. Қаракөл қойы. – Алматы: Бастау, 2008. – 252 б.
- [2] Минина И.С. Генетика окраски кроликов // Кролиководство, звероводство. – М., 1989. – № 5. – С. 8-10.
- [3] Прасолова Л.А. Феногенетический анализ окраски «подпалов» у серебристо-черных лисиц, возникающих в процессе доместикации // Тез. докл. З пк. семинар генетики и селекции животных. – М.: Изд. СО АН СССР, 1989. – № 2. – С. 36-37.
- [4] Гигинишвили Н.С., Укбаев Х.И. Внутрипородное скрещивание двух типов сурров // Овцеводство. – М.: Колос, 1983. – № 4. – С. 31-32.
- [5] Алиев Г.А., Рачковский М.Л. Пигментация шерсти таджикских овец // Зоотехния. – М.: ВО Агропромиздат, 1989. – № 9. – С. 167-188.
- [6] Adalsteinsson S. Inheritance of colours, fur characteristics and skin quality traits in North European sheep breeds. XXXIII Annual Meeting EAAP. – Leningrad, 1982. – Р. 3-17.
- [7] Всеволодов Э.Б. Пигментация волос каракульских ягнят. – Алматы, 1995. – 109 с.
- [8] Лаханова К.М. Қаракөл қойы түр-түсінің рендеуде. 2008. – 138 б.
- [9] Лаханова К.М., Алпамысова А. Объективті мәліметтерге негізделген қаракөл қой түр-түсінің фенетикалық жіктелуді // ҚР Үлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Биология және медицина сериясы. – Алматы, 2013. – № 3 (297). – 60-65 б.

REFERENCES

- [1] Ombayev A.M. Karakul sheeps. Almaty: Bastau, 2008. 252 p. (in Kaz.).
- [2] Minina I.S. Genetika okraski krolikov (Genetics of coloring of rabbits). Krolikovodstvo, zverovodstvo. Moscow, 1989. №5. P. 8-10. (in Russ.).
- [3] Praslova L.A. Fenogeneticheskii analiz okraski "podpalov" u serebristo-chyornykh lisits, voznikayushikh v protsesse domestikatsii (Phenogenetics analysis of the color "tan" silver foxes arising in the process of domestication). Tez.dokl. seminar genetiki i selektsii zhivotnykh. Moscow: Izd. SO AN SSSR, 1989. N 2. P. 36-37. (in Russ.).
- [4] Gigineishvili N.S., Ukbayev Kh.I. Vnutriporodnoye skreshivaniye dvukh tipov surrov (Intra pedigree crossing of two types of Surs). Ovtsevodstvo. Moscow: Kolos, 1983. N 4. P. 31-32. (in Russ.).
- [5] Aliyev G.A., Rachkovskii M.L. Pigmentatsiya shersti tadzhikskikh ovets (Pigmentation of hair of the Tajik sheep). Zootekhnika. Moscow: VO Agropromizdat, 1989. N 9. P. 167-188. (in Russ.).

- [6] Adalsteinsson S. Inheritance of colours, fur characteristics and skin quality traits in North European sheep breeds. XXXIII Annual Meeting EAAP. Leningrad, 1982. P. 3-17.
- [7] Vsevolodov E.B. Pigmentatsiya volos karakul'skikh yagnyat (Pigmentation of hair of the Karakul lambs). Almaty, 1995. 109 p. (in Russ.).
- [8] Lahanova K.M. Okraska karakul'skikh ovets (Coloring of the Karakul sheep). Almaty, 2008. 138 p. (in Kaz.).
- [9] Lahanova K.M., Alpamysova A. Feneticheskaya klassifikatsiya karakul'skikh yagnyat raznykh okrasok na osnove ob'yektivnykh issledovanii (Phenetic classification of Karakul lambs of different colors on the basis of objective research). Izvestiya NAN RK / seriya biologii i meditsiny. Almaty, 2013. N 3 (297). P. 60-65. (in Kaz.).

ВЫЯВЛЕНИЕ ТИПИЧНЫХ ОШИБОК БОНИТИРОВКИ ПРИ ОПРЕДЕЛЕНИИ ОКРАСКИ КАРАКУЛЬСКИХ ЯГНЯТ НА ОСНОВЕ ФЕНЕТИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ

К. М. Лаханова¹, Н. Ж. Елеугалиева², А. К. Убайдуллаева¹, А. М. Дүйсебекова¹, Д. И. Ибрагимова¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан,

²Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир-хана, Уральск, Казахстан

Ключевые слова: каракульские ягнята, масть, меланин, волосяной фолликул, фенетическая классификация, бонитировка.

Аннотация. Целью работы является выявление типичных ошибок традиционной бонитировки, дополнения органолептический метод, объективным методом-биологической классификации, применяемый в определенных условиях в оценке качества товара, масти каракуловых ягнят. Методика работы: распределение меламина шерстяных волокон 2-3 дневных каракуловых ягнят исследованы световым микроскопированием, а состав меламина - ЭПР-спектрометрическим методом. Расхождение между данными образцов, полученных объективными методами, указывает на отсутствие полных сходств в них. Объективные методы дают возможность выявить незначительные различия, и ввести систему классификаций. Применение результатов исследования в селекции для усовершенствования определений масти шерстяных волокон каракуловых ягнят имеют большую практическую значимость.

Поступила 20.05.2015 г.